Қазақстан Республикасы
Шымкент қаласы
«Адина Бақдаулет Құрылыс»
Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Республика Казахстан
город Шымкент
Товарищество с ограниченной
ответственностью
«Адина Бақдаулет Құрылыс»

Шымкент қаласы, Ы.Алтынсарин көшесі №26,
№26сымтетік (8-7252) 39-52-27 , факс 39-51-47

г. Шымкент ул. Ы.Алтынсарина
телефон (8-7252) 39-52-27 , факс 39-51-47

Шығыс № 10.
24. 09. 2019 ж.

**Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне**

Біздің өтініш жазу себебіміз, Ұйымдастырушы **"Шардара ауданы әкімдігінің "Шардара аудандық экономика және қаржы бөлімі" ММ** болып табылатын Мемлекеттік сатып алу порталының № 3560926-1 ашық конкурсына қатыстық. 18.09.2019 жылы аталмыш конкурстар бойынша қорытындылары туралы хаттамаларымен келіспейміз.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 27-бабының 6-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімі осы Заңда және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған негіздер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптары мен шарттарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды).

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Қаржы Министірінің 11.12.2015ж. №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығының 150-тармағы 1-тармақшасына сай, әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынбауы, конкурстық құжаттаманың 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес келмеуі, конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмаса конкурсқа жіберілмейді.

Алайда, Конкурстық комиссия мүшелері жоғарыдағы заң талаптарын негізге алмай әлеуетті өнім берушілерге төмендегідей кемшіліктерге жол берген:

«**Адина-Бақдәулет Құрылыс**» ЖШС-гін, яғни біздің мекемені, Конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы: растаушы құжаттары ұсынылмаған немесе техникалық сипатталары техникалық ерекшелікте көрсетелген талаптарға сай емес атап айтқанда: автогидроподъемники высота подъема 12 м, Краны на автомобильном ходу при работе на монтаже технологического оборудования 10 т, Краны на гусеничном ходу до 16т, Экскаваторы одноковшовые дизельные на гусеничном ходу 0,5 м3, жоқ деп негізсіз шеттетілген.

Алайда, сұратылған материалды-техникаларды толығымен салғанбыз, біздің салған құжаттарымызды жоққа шығарып, конкурстан мүлде шектеп тастаған және қарастырмауға әрекет жасаған. Сұратылған техникаларды алдын ала жалдау шартын жасасып, сұратылған құжаттардың барлығын тізіп шықтық. Адам ресурстары жөніндеде құжаттар толық қамтылған.

**Жеңімпаз болып табылған «Құрылыс-сервис-СК» ЖШС** біраз сұратылған техникалар бойынша: Ынтымақ-Құрылыс ЖШС-нен жалға алынған ЗИЛ-133 автокранында алдын-ала жалға алу немесе жалға алу туралы ешқандай шарт ұсынылмаған.

Дәл осындай сорақылық трактор Беларусь-тың иесі, жеке тұлған Н. Сүлейменов жалға алынған деп көрсетілгенмен, ешқандай жалға алу туралы шарт ұсынылмаған. Осы кемшіліктерге қарамастан конкурсқа қатысуға рұқсат берілген.

**"Baysic СТРОЙ" ЖШС** бойынша сұратылған технологиялық жабдықты монтаждау кезінде 10 тонналық автокран салмаған.

**"Kazakh tehnology Co.ltd" ЖШС** бойынша сұратылған технологиялық жабдықты монтаждау кезінде 10 тонналық автокран және 16 тоннаға дейінгі шынжыр табанды кранды салмаған.

**"РАДУГА-СН" ЖШС** бойынша сұратылған технологиялық жабдықты монтаждау кезінде 10 тонналық автокран және 16 тоннаға дейінгі шынжыр табанды кранды салмаған.

**"Best Trade Servis" ЖШС** бойынша сұратылған технологиялық жабдықты монтаждау кезінде 10 тонналық автокран және 16 тоннаға дейінгі шынжыр табанды кранды салмаған, жұмысты жасайтын машинист краншы мамандары жетпейді.

**"Энергиянұр" ЖШС** бойынша сұратылған Автогидроподъемник АГП жеке тұлға Сеитов Женисбектен алынған туралы ешқандай мәлімет жоқ және технологиялық жабдықты монтаждау кезінде 10 тонналық автокран салмаған.

**"Асем-Жарық" ЖШС** бойынша сұратылған технологиялық жабдықты монтаждау кезінде 10 тонналық автокран салынбаған, көрсетілген ЗИЛ 133 ГЯ 10 тонналық автокраны технологиялық жабдықты монтаждау кезіндегі жұмысқа жарамайды.

**«BestPartner» ЖШС** бойынша сұратылған технологиялық жабдықты монтаждау кезінде 10 тонналық автокран және 16 тоннаға дейінгі шынжыр табанды кранды салмаған және 2 машинист-краншы жетпейді.

**ИП ЖАИМБЕТОВ** бойынша техникалық ерекшелікте сұратылған жұмысты жасайтын машинист краншы мамандары жетпейді.

**"NurTemirGas Stroy" ЖШС** бойынша техникалық ерекшелікте сұратылған жұмысты жасайтын машинист краншы мамандары жетпейді және 16 тоннаға дейінгі шынжыр табанды кранды, шынжыр табанды экскаваторды салмаған.

**"ASR строй" ЖШС** бойынша техникалық ерекшелікте сұратылған техникалар мен жұмыс жасайтын маманда толтырылмаған, салмаған.

**«Астана Томирис и Ко» ЖШС** бойынша сұратылған технологиялық жабдықты монтаждау кезінде 10 тонналық автокран салмаған.

**«АЙТУГАН» ЖК** бойынша техникалық ерекшелікте сұратылған техникалар мен жұмыс жасайтын маманда толтырылмаған, салмаған.

**САДЫКОВА РОЗА ТАНАТАРОВНА** бойынша техникалық ерекшелікте сұратылған техникалар мен жұмыс жасайтын маманда толтырылмаған, салмаған.

**"Шардара жасыл аймақ" ШЖҚ МКК** бойынша техникалық ерекшелікте сұратылған техникалар мен жұмыс жасайтын маманда толтырылмаған, салмаған.

**"Строй Мегаполис" ЖШС** бойынша техникалық ерекшелікте сұратылған техникалар мен жұмыс жасайтын маманда толтырылмаған, салмаған.

**"Санжар Строй Сервис" ЖШС** бойынша техникалық ерекшелікте сұратылған техникалар мен жұмыс жасайтын маманда толтырылмаған, салмаған.

**«Мурадимов ЖК 16» ЖШС** бойынша техникалық ерекшелікте сұратылған тоннаға дейінгі шынжыр табанды кранды салмаған.

Жоғарыдағыларды негізге алып мемлекеттік сатып алу заңының орындалуын қадағалайтын орган ретінде осы конкурс бойынша конкурс комиссиясы тарапынан жіберілген кемшіліктерді болдырмай, Біздің мекемеге конкурсқа қатысуға рұқсат алуына мүмкіндік беруңізді сұранамын.

**Директор** **Аширов Н.У.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
КАЗАХСТАН ГОРОД ШЫМКЕНТ
"АДИНА-БАҚДАУЛЕТ" ҚҰРЫЛЫС
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ